

**Қазақстан Республикасының  
Президенті  
Қасым-Жомарт Тоқаев мырзаға**

**Аса құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы!**

Мен қазақ тілінің латын графикасындағы әліпбиінің бұрынғы 4 жобасындағы қателер мен қайшылықтарды көрсетіп, Сізге 4 рет хат жазғанмын. Олардың көшірмелерін ҚР Сенатының төрағасына, ҚР Мәжілісінің төрағасына, ҚР Премьер министріне, ҚР білім және ғылым министріне, ҚР Мәдениет және спорт министріне де жолдағанмын. Бірақ маған олардан менің ұсынысым не дұрыс не бұрыс деген жауаптардың орнына, сіздің хатыңызды салалық ұйымдарға жібердік деген хабар келді.

Жақында осы әліпбидің 5-үлгісі жарияланды, онда орыс тілінен енген дауысты (и) және (у) дыбыстарына байланысты қателер мен қайшылықтар және әліпбидің жүйесіздігі сақталған. Демек әліпбидің бұл үлгісін де оқытуға, орфографиялық ережелер құруға, баспа мен жарнама материалдарын даярлауға және қазақ жазуын бір графикадан басқа графикаға автоматты аударатын программалар жасауға қарастырылған *қаржылар* тағы да текке жұмсалмақшы.

Мен Жасанды интеллект ғылымының «Компьютерлік лингвистика» - «Computational linguistics» саласының проблемаларымен көп жыл айналысып, 5 ғылым докторы, 8 ғылым кандидаты мен 8 PhD даярлап, ғылыми мектеп құрдым. Біздің негізгі ғылыми нәтижелер мыналар: қазақ тілінің фонетикалық және грамматикалық ережелерінің математикалық моделдері; қазақша жазылғанды сөйлету және қазақша сөйлегенді жазу технологиялары; қазақ тіліндегі мәтінді морфологиялық, синтаксистік және семантикалық талдау технологиялары; қазақ тіліндегі білімдерді бейнелеу мен өңдеу; қазақ тілінде жазылған әр түрлі заңдарға қайшы келетін мазмұндары бар мәтіндерді реңдік (эмоциялық) талдау және басқа технологиялары. Осы технологиялар қазақ тілінде әртүрлі интеллектуалдық сұрақ-жауап жүйелерін, мәтіндерді сентименттік талдау мен автоматты рефераттау жүйелерін және кез келген пән бойынша электрондық оқыту мен білімді бағалау жүйелерін және ақпаратты қорғауды жүзеге асыру мен ақпараттық қауіпсіздіктің тәуекелдерін бағалауда қолданылады. Осы туралы ақпарат мына сілтемеде:

<http://e-zerde.kz>, [https://inbusiness.kz/ru/tv\\_programs/sandy-azastan-186/zhasandy-intellekt](https://inbusiness.kz/ru/tv_programs/sandy-azastan-186/zhasandy-intellekt).

Қазақ тілін дамыту және қазақ тілінде жасанды интеллект жасау жайында Сізбен онлайн немесе офлайн режимде талқылауға маған мүмкіндік беруіңізді сұраймын.

**Қосымша:**

Қазақ тілінің латын графикасындағы әліпбиінің 5-ші үлгісі туралы - 9 бет.

Адрес: Нұр-Сұлтан, Достық көшесі, 12 үй, 27 пәтер.

E-mail: [sharalt@mail.ru](mailto:sharalt@mail.ru), Телефон: 8 701 777 1652, 8 747 777 1652

Алтынбек ШӘРІПБАЙ

[https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/n-arp-ozgergen-latyin-alpbinn-jana-nuskasyi-usyinyldyi-321523/](https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan_news/n-arp-ozgergen-latyin-alpbinn-jana-nuskasyi-usyinyldyi-321523/)

сайтында жарияланған Қазақ тілінің латын графикасындағы әліпбидің

5-ші үлгісі туралы

Алтынбек ШӘРІПБАЙ

### Алғы сөз

Кез келген тілдің әліпбиін құрғанда мына аксиомаларды ескеру керек:

- Әліпби құрмастан бұрын тілдің дыбыстық жүйесін айқындалады.
- Бір әрпімен екі фонеманы таңбалауға болмайды, себебі фонема мағына ажырататын, жеке таңбалатын тілдің ең кіші фонетикалық бірлігі.
- Бір әрпімен бір фонеманы және оған үндес аллофонды таңбалауға болады, себебі аллофон мағына ажыратпйтын, жеке таңбаланбайтын тілдің ең кіші фонетикалық бірлігі.
- Екі белгісізі бар бір теңдеуді шешу мүмкін емес (Латын графикасына байланысты қазақ тілін реформалайтын бір теңдеуде екі белгісіз бар: 1 - қазақ тілінің айқындалмаған дыбыстық жүйесі, 2 –дыбыстарды қандай әрпілермен таңбалау).

Сондықтан алдымен қазақ тілінің дыбыстық жүйесін айқындаймыз.

### I. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесін айқындау

Қазір қазақ тілінің қолданыстағы кириллица негізіндегі әліпбиінде **40** дыбыс таңбаланған, солардың ішінде **15 дауысты** (**а**), (**ә**), (**е**), (**ё**), (**и**), (**о**), (**ө**), (**у**), (**ұ**), (**ү**), (**ы**), (**і**), (**э**), (**ю**), (**я**) және **25 дауыссыз** (**б**), (**в**), (**г**), (**ғ**), (**д**), (**ж**), (**з**), (**й**), (**к**), (**қ**), (**л**), (**м**), (**н**), (**ң**), (**п**), (**р**), (**с**), (**т**), (**ф**), (**х**), (**һ**), (**ц**), (**ч**), (**ш**), (**щ**). Осылардың **28-і** қазақтың тілінің *төл дыбыстары*, ал **12-і** орыс тілінен енген *кірме дыбыстар*.

Кірме (**ё**), (**э**), (**һ**) және (**щ**) дыбыстары қазақ тілінің сөздерінде өте сирек кездеседі, ал дауысты (**ю**), (**я**) дыбыстары бірде жуан, бірде жіңішке айтылып қос дыбысты таңбалайды. Мысалы, *юмор = йұмор, юнкер = йүнкер, япырмау = йапырмау, ясли = йэсли*. Сондықтан оларды қазақ тілінің дыбыстық жүйесінен шығарып тастау керек.


Кірме дауыссыз (**в**), (**ф**), (**х**), (**ц**), (**ч**) дыбыстары *адамның тегін, жер атын және халықаралық терминдерді* жазғанда қолданылып, қазақ тіліне етене еніп кетті. Мысалы, *Вагнер, Вьетнам, вагон, вексель, вектор, вето, виза, викторина, вирус, вольт, Форд, Франция, факт, файл, федерация, физика, филармония, фонетика, функция, Хомский, Хорватия, Хельсинки, Бухарест, Хуавей, халал, химия, хлор, хор, хром, хроника, Цезарь, Циолковский, Цой, Цейлон, Цюрих, цезий, цемент, циклотрон цилиндр, циркуль, Чайковский, Челюскин, Чад, Черногория, Чехия, Чикаго, Чили, Чита, чуваш, чукча*. Осы дыбыстардың қазақ тіліне терең енгендігі соншама, тіпті орыс тілін білмейтін қазақтардың *артикуляциялау органдары* оларды дыбыстауға бейімделіп кетті. Бұл кірме дыбыстардың барлығы жұрнақтар мен жалғаулардың құрамына кірмейді және жаңа *сөзжасамдар (жұрнақтар)*

мен *сөзіншіндерге (жалғауларға)* қатыспай, қазақ тілінің жазбасында ешқандай қайшылық тудырмайды. Мұндай құбылыстар кез келген халықтың тілінде орын алған, оны тілдің даму тарихынан байқауға болады. Сондықтан дауыссыз (в), (ф), (х), (ц), (ч) дыбыстарын **қазақ тілінің дыбыстық жүйесінде фонемалар ретінде қалдыру керек**, олар халықаралық терминдердің айтылуы мен жазылуы олардың түпнұсқадағы айтылуы мен жазылуына жақындатуға себеп болады.

Кірме дауысты (и) және (у) дыбыстары “Тәуелдік жалғаудың 3-ші жағында дауыссызға аяқталатын жіңішке сөзге ‘і’ жалғауы, ал жуан сөзге ‘ы’ жалғауы жалғанады және дауыстыға аяқталатын жіңішке сөзге ‘сі’ жалғауы, ал жуан сөзге ‘сы’ жалғауы жалғанады” деген ережеге қайшылық тудырады. Мысалы, «сүт+і», «қол+ы», «әже+сі», «ана+сы» - қайшылықсыз, ал «би+і», «ми+ы», «гу+і», «ту+ы» қайшылықты. Егер (и) мен (у) фонемаларын дауыссыз деп есептесек, онда «би» мен «ми» және «гу» мен «ту» деген сөздерде бір де буын болмайды, ал егер оларды дауысты деп алсақ, онда ереже бойынша тәуелділік жалғаулары «би+сі», «ми+сы» және «гу+сі», «ту+сы» болып жалғануы керек еді.

Сонымен қатар, дауысты (и) және (у) фонемаларын кейбір *түбір сөздерде* пайдалану “Қазақ тілінде *түбір сөздерде 1-ден артық дауысты дыбыс қатар кездеспейді*” деген ережеге де қайшылық тудырады. Мысалы, осы ережеге қайшы келетін құрамында 2 немесе 3 дауысты дыбыс қатар кездесетін «*тиін*» мен «*тиын*» және «*кеуіл*» мен «*дауыл*» сияқты сөздер бар.

Бұл дауыстылардың қазақ тілінде жоқ екендігін біз компьютерлік тәжірибемен дәлелдедік. Мысалы, (у) дыбысы қатысты тәжірибе үшін әр аймақтардағы әртүрлі жастағы ерлердің, әйелдердің және балалардың дауысымен айтылған акустикалық базаны арнаулы компьютерлік программа арқылы зерттеп, қазақ тілінде ағылшын тілінің (w) фонемасына үндес жартылай дауыстының бар екендігі дәлелденді. Төменде «**тауы**» сөзінің спектрограммасы және амплитудалық дыбыстық толқыны 1-Суретте көрсетілген.



1-Сурет. «**тауы**» сөзінің фонетикалық сегменттелуі. А – спектрограмма, Б – толқын.

Осы жартылай дауыстының артикуляция үрдісінде өте шектелген кедергісі болады, сондықтан ол спектрограмма және дыбыстық толқын бойынша дауыстыларға ұқсас, бірақ ол олардан жиіліктің 11-15 КГц арасында энергияның жоқтығы байқалады, ал 1.Б-суретте жиіліктің 2

КГц және 5 КГц тұсында амплитуданың өзгеруімен және осы жартылай дауыстының амплитудасы (а) мен (ы) дыбыстарының амплитудаларынан кіші екендігі көрсетілген.

Бұл компьютерлік тәжірибеден қазақ тілінде, *біріншіден, дауысты (и)* мен (у) **фонемалары** жоқ екендігі, *екіншіден*, орыс тілінде жоқ, бірақ үндесі ағылшын тілінде бар және халықаралық фонетикалық әліпбиде [w] болып таңбалатын *жартылай дауысты* фонема бар екендігі дәлелденді.

Осы уәждерден “*Қазақ тілінің қолданыстағы кириллица негізіндегі әліпбиде жүйелік қателер бар*” деген тұжырым рас болады. Сондықтан қазақ тілінің жазбасына түбегейлі реформа жасау қажет.

### Қорытынды.

Қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне **33 фонема** кіргізіледі, олардың ішінде жеке әрпімен таңбалатын **9** дауысты (а), (ә), (е), (о), (ө), (ұ), (ү), (ы), (і) және **24** дауыссыз (б), (в), (г), (ғ), (д), (ж), (з), (й), (к), (қ), (л), (м), (н), (ң), (п), (р), (с), (т), (w), (ц), (ф), (х), (ч), (ш) фонемалар бар. Сонымен қатар, дыбыстық жүйеге жеке әрпімен таңбаланбайтын 2 дауысты (и) мен (у) және дауыссыз (h) қарастырылады. Мұнда қазақ тілінің жартылай дауысты фонемасы қолданыстағы кириллица негізіндегі әліпбиде таңбаланбағандықтан, ол халықаралық фонетикалық әліпбиіндегі w таңбасы арқылы көрсетілген.

## II. Қазақ әліпбиінің латын графикасында ұсынылған 5-ші үлгісі

ҚР Президентінің "Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшірудің кейбір мәселелері туралы" қаулысының жобасы Ашық НҚА сайтында жарияланған әліпбидің 5-ші үлгісі берілген:

№	Әріп	Әріптің атауы	№	Әріп	Әріптің атауы
1	A a	a	18	O o	o
2	Ä ä	ä	19	Ö ö	ö
3	B b	бы	20	P p	пы
4	D d	ды	21	Q q	қы
5	E e	e	22	R r	ыр
6	F f	фы	23	S s	сы
7	G g	гі	24	Ş ş	шы
8	Ğ ğ	ғы	25	T t	ты
9	H h	һы	26	U u	ұу
10	İ i	ий	27	Ū ū	ұ
11	I i	i	28	Û ü	ү
12	J j	жы	29	V v	вы
13	K k	кі	30	Y y	ы
14	L l	ыл	31	Z z	зы
15	M m	мы		*C, X, W таңбалары цитаталық принциппен жазылатын шеттілдік сөздерде қолданылады.	
16	N n	ны			
17	Ŋ ŋ	ың			

Әліпбидің 5-ші үлгісі түсінікті болу үшін қазақ тілі дыбыстарының халықаралық фонетикалық әліпбидегі немесе қолданыстағы кирилл графикасындағы әліпбидегі таңбалануын көрсету керек еді.

Осыған байланысты әліпбидің 10-шы және 26-шы жолдарында қолданыстағы кирилл әліпбиінде белгіленген қандай дыбыстар көрсетілген? Егер 10-шы жолдағысы орыс тілінен кірген дауысты (и) дыбысы болса, онда оның жуан буындағы дыбысталуы «**ый**» болады, мысалы, «ми» деген сөз «мый» деп, ал жіңішке буындағы дыбысталуы «**ій**» болады, мысалы, «ки» деген сөз «кій» деп оқылады. Сол сияқты, 26-шы жолдағысы орыс тілінен кірген дауысты (у) дыбысы болса, онда оның жуан буындағы дыбысталуы «**ұу**» болады, мысалы, «бу» деген сөз «бұу» деп, ал жіңішке буындағы дыбысталуы «**уу**» болады, мысалы, «гу» деген сөз «гүү» деп оқылады. Сонымен қатар, әліпбиде қазақ тілінің жуан дауысты (ү) фонемасы латынның диакритикалық  $\bar{U}$   $\bar{u}$  әрпімен, ал жіңішке дауысты (ү) фонемасы диакритикалық  $\ddot{U}$   $\ddot{u}$  әрпімен таңбаланған. Бұл қазақ тілінің дауысты дыбыстарын таңбалауды бір текті етпейді. Себебі жуан дауыстыларды үстінде диакритикасы жоқ жалаң латын әрпілермен, ал жіңішке дауыстыларды әрпі үсті диакритикамен таңбалаған жөн: (а) – А а, (ә) – Ä ä, (о) – О о, (ө) – Ö ö, (ү) – U u, (ү) – Ü ü, (ы) – I i, (і) – İ İ. Дауыссыз (й) дыбысы халықаралық фонетикалық әліпбиде және көптеген тілдердің әліпбилерінде латынның Yu әрпісімен таңбаланған. **Осы айтылған проблемалар әліпбидің 5-ші үлгісін қабылдауға (бекітуге) болмайтындығын дәлелдейді.**

Осындай проблемаларды тудырмас үшін қазақ тілін латын графикасына көшірместен бұрын, оның жаңа дыбыстық жүйесі негізінде қолданыстағы кирилл графикасындағы жазбалардан кірме дауысты (и) және (у) фонемаларын таңбалайтын **Ии** және **Уу** әрпілерінен арылу ережелерін құру керек. Олар латын графикасындағы жазуды жеңіл түсінуге және дұрыс жазуға көмектеседі.

### **III. Қазақ тілінің жаңа дыбыстық жүйе негізіндегі жазба ережелері**

#### **III.1. Ии әрпінен арылу ережелері**

III.1.1. Егер **Ии** әрпі басқа тілден енген термин алдында Бб, Вв, Ғғ, Гг, Дд, Жж, Зз, Кк, Ққ, Лл, Мм, Нн, Ңң, Пп, Рр, Сс, Тт, Фф, Хх әрпілер алдында кездесе, онда ол Іі әрпіне алмасады. Мысалы, иберия = іберия, иврит = іврит, игумен = ігумен, идеа = ідея, идеома = ідеома, идиот = ідиот, известь = ізвесть, икон = ікон, имитатор = імитатор, инвариант = інвариант, инфекция = інфексия, институт = інститут, ипотека = іпотека, иприт = іприт, иран = іран, испан = іспан, италия = італия, итерация = ітерация, ихтизавр = іхтизавр, ихтиолог = іхтиолог, ишемия = ішемия.

III.1.2. **Ии** әрпі бір ашық буынды «би, ки, ли, пи, си, фи, хи, ти, ши, чи» деген сөздерде «**ій**» тіркесіне алмасады. Мысалы, би = бій, ви = вій, ки = кій, ли = лій, пи = пій, си = сій, фи = фій, хи = хій, ти = тій, ши = шій, чи = чій. Мұнда кейбіреулерінің қазақ тілінде мағынасы жоқ, олар қыстырма сөздер.

Ш.1.3. Егер **Ии** әрпі жабық буында дауыссыз Ғғ, Ққ, Лл, Мм әрпілерінен өзгеше әрпінен кейін кездесе, онда ол Іі әрпіне алмасады. Мысалы, бит = біт, вирус = вірус, гид = гід, диктор = діктор, гир = гір, алжир = алжір, инжинер = инжінер, кризис = крізіс, кит = кіт, лира = ліра, памир = памір, тенис = теніс, парирус = папірус, тарих = таріх, университет = універсітет, тир = тір, институт = інстітут, тахир = тахір, эфир = эфір, кашир = кашір.

Ш.1.4. Егер **Ии** әрпі Ғғ, Ққ, Лл, Мм әрпілерден кейін кездесе, онда ол «ый» тіркесіне алмасады. Мысалы, ғибрат = ғыйбрат, ғибадат = ғыйбадат, ғиззат = ғыйззат, ғимарат = ғыймарат, қи = қый, қима = қыйма, қисық = қыйсық, қиық = қыйық, қию = қыйю, қия = қыйя, қияли = қыйялый, ғылыми = ғылымый, ми = мый, мия = мыйя, саяси = саясый, сия = сыйя.

Ш.1.5. Егер **Ии** әрпі сөздің басында Аа, Әә, Ее, Оо, Уу, Ыы, Іі әрпілерінің алдында кездесе, онда ол Йй әрпіне алмасады. Мысалы, иайдо = йайдо, иә = йә, ие = йе, иегер = йегер, иек = йек, иезуит = йезуит, иодофермен = йодофермен, ион = йон, иордан = йордан, иудей = йудей, иудаизм = йудаизм, иығы = йығы, иық = йық, иі = йі, иігу = йігу, иіл = йіл.

Ш.1.6. Егер **Ии** әрпі жіңішке буынның алдында кездесе, онда ол «ій» тіркесіне алмасады. Мысалы, биік = бійік, игі = ійгі, ине = ійне, иін = ійін, жиде = жійде, тиін = тійін, шие = шійе.

Ш.1.7. Егер **Ии** әрпі жуан буынның алдында кездесе, онда ол «ый» тіркесіне алмасады. Мысалы, бипаз = быйпаз, биыл = быйыл, сиыр = сыйыр, иық = ыйық, қитар = қыйтар.

Ш.1.8. Егер **Ии** әрпі сөздегі жіңішке буыннан кейінгі ашық буында Бб, Вв, Гг, Дд, Жж, Зз, Кк, Лл, Мм, Нн, Пп, Рр, Сс, Тт, Хх, Шш әрпілерінен кейін кездесе, онда ол «ій» тіркесіне алмасады. Мысалы, әліпби = әліпбій, әлди = әлдій, визави = визавій, яки = якій, пәни = пәній, ресми = ресмій.

Ш.1.9. Егер **Ии** әрпі сөздің жуан буынынан кейінгі ашық буында Бб, Вв, Ғғ, Дд, Жж, Зз, Ққ, Лл, Мм, Нн, Пп, Рр, Сс, Тт, Хх, Шш әрпілерінен кейін кездесе, онда ол «ый» тіркесіне алмасады. Мысалы, құдағи = құдағый, ылғи = ылғый, ылди = ылдый, қияли = қыйалый, адами = адамый, ғалами = ғаламый, ғылыми = ғылымый, тарази = таразый, тарихи = тарихый, ылғи = ылғый, шұлғи = шұлғый, зымзия = зымзийя, сұрқия = сұрқыйя.

## **Ш.2. Уу әрпінен арылу ережелері**

Қазақ тілінің жоғарыда анықталған жаңа дыбыстық жүйесінде жартылай дауысты (**w**) дыбысы бар, оны таңбалау үшін латынның **Ww** әрпін пайдаланамыз. Ал қазақ тілінің қолданыстағы кирилл графикасындағы әліпбиде **Уу** әрпі бар, бұл орыс тіліндегі дауысты (**y**) дыбысын белгілейді.

Ш.2.1. Егер қазақ тілінің сөзі жалғыз **Уу** әрпінен тұрса, онда ол «ұw» тіркесіне алмасады. Мысалы, У = Ұw, у = ұw.

III.2.2. Егер **Уу** әрпі сөзде жуан немесе жіңішке дауыстының әрпінен кейін кездесе, онда ол **Ww** әрпіне алмасады. Мысалы, ау = aw, әу = әw, еу = ew, оу = ow, аулау = awлаw, әуелеу = әwелеw, баулау = баwлаw, бұғаулау = бұғаwлаw, елеулеу = елеwлеw, жалаулау = жалаwлаw, лаулау = лаwлаw, кәуе = кәwә, қараулау = қараwлаw, сабаулау = сабаwлаw, сауалдау = саwалдаw, сауыт = саwыт, сәулелеу = сәwлелеw, шоу = шow.

III.2.3. Егер **Уу** әрпі кірме сөздің басында болса, онда ол «ұ» әрпіне алмасады. Мысалы, увертюра = ұвертюра, универсам = ұниверсам, унтер = ұнтер, университет = ұниверситет, урядник = ұрядник, утелита = ұтелита.

III.2.4. Егер **Уу** әрпі сөздегі жуан дауысты әрпінің алдында тұрса, онда ол «Ұw ұw» тіркесіне алмасады. Мысалы, Уа = Ұwa, уайым = ұвайым, уақ = ұвақ, уыз = ұwыз, уық = ұwық, уыт = ұwыт, буаз = бұwаз, буын = бұwын, дуа = дұwa, қуат = құwат, қуыршақ = құwыршақ, суат = сұwат, суық = сұwық, уыс = ұwыс, туар = тұуар, туыс = тұwыс, туынды = тұwынды, шуақ = шұуақ, шуыл = шұуыл.

III.2.5. Егер **Уу** әрпі сөздің басында немесе ортасында жуан буынның алдында тұрса, онда ол Ұұ әрпіне алмасады. Мысалы, убалдырған = ұбалдырған, Уганда = Ұганда, Удмурт = Ұдмурт, удай = ұдай, уқалау = ұқалау, улану = ұлану, улы = ұлы, умажда = ұмажда, уран = ұран, уролог = ұролог, Уругвай = Ұругвай, усасыр = ұсасыр, утопия = ұтопия, Уфа = Ұфа, ушығу = ұшығу, вулкан = вұлқан, капсула = капсұла, туған = тұған, футбол = фұтбол, формула = формұла.

III.2.6. Егер **Уу** әрпі сөздің жіңішке буынның алдында немесе онан кейін тұрса, онда ол Үү әрпіне алмасады. Мысалы, угия = үгия, уекіре = үекіре, улеу = үлеу, Ургенч = Үргенч, букет = бүкет, сурет = сүрет, купе = күпе, кетчуп = кетчүп.

III.2.7. Егер **Уу** әрпі сөз соңында жуан буынды дауыссыз дыбыс әрпінен кейін кездесе, онда «ұw» тіркесіне алмасады. Мысалы, абу = абұw, ағу = ағұw, азу = азұw, алу = алұw, аққу = аққұw, алжу = алжұw, асу = асұw, беру = берұw, бұйырту = бұйыртұw, жабу = жабұw, жору = жорұw, даму = дамұw, қабысу = қабысұw, қайыру = қайырұw, қону = қонұw, ру = рұw, су = сұw, табысу = табысұw, тасу = тасұw, тарту = тартұw, ту = тұw, шашу = шашұw, шолу = шолұw.

III.2.8. Егер **Уу** әрпі сөз соңында жіңішке буынды дауыссыз дыбыс әрпінен кейін кездесе, онда «үw» тіркесіне алмасады. Мысалы, елу = елүw, кебу = кебүw, келісу = келісүw, кешігу = кешігүw, езу = езүw, ілу = ілүw, кему = кемүw, сену = сенүw, кіру = кірүw, кірісу = кірісүw, кету = кетүw, сену = сенүw, шешу = шешүw.

**Қорытынды.** Қазақ тілінің әліпбиін латын графикасына көшірместен бұрын, оның жаңа дыбыстық жүйесіне сай (**и**) мен (**у**) дыбыстарынан арылу сияқты (**ё**), (**э**), (**h**), (**ш**), (**ю**), (**я**) дыбыстарынан да арылтатын кириллица негізінде **өтпелі (аралық)** орфографиялық ережелерді құру керек.

#### **IV. Қазақ тілінің латын графикасындағы жаңа әліпбиі.**

Латын графикасындағы қазақ мәтінін оқуды жеңілдету үшін әртүрлі диакритикалық таңбалар қолдануды ұсынылады:

- жіңішке дауысты (**ә**), (**ө**), (**ү**) үшін әрпі үсті диакритика «екі нүкте» **Ä ä, Ö ö, Ü ü**;

- жуан дауысты (**ы**) үшін нүктесіз **I i**, ал жіңішке дауысты (**і**) үшін **İ i** диакритика «бір нүкте»;

- дауыссыз (**ң**) үшін әрпі үсті диакритика «тильда» **Ñ ñ**;

- дауыссыз (**ғ**) үшін әрпі үсті диакритика «қарғаша» **Ǵ ǵ**;

- дауыссыз (**ш**) үшін әрпі асты диакритика «үтір» **Ş ş және Ș ș**.

Дауысты (**і**) және (**ү**) фонемаларының сәйкес аллофондары (**и**) және (**у**) тек халықаралық терминдерді оқыған кезде ғана ескеріледі, оларға жеке әрпілер берілмей және жаңа латын әліпбиінде өздеріне үндес (**і**) және (**ү**) дыбыстарының әрпілерімен сәйкес таңбаланылады. Егер кірме дауысты (**и**) мен (**у**) фонемаларын қазақ тілінің жаңа латын графикасындағы әліпбиінде жеке таңбаласақ, онда жоғарыда II-бөлімде көрсетілген қайшылықтар сөзсіз пайда болады. Сондықтан осы қайшылықтарды тудырмас үшін дауысты (**и**) мен (**у**) дыбыстарын оларға үндес дауысты (**і**) мен (**ү**) фонемаларының сәйкес аллофондары ретінде қазақ тілінің дыбыстық жүйесінде қалдырып, өздеріне үндес фонемалардың әрпілерімен таңбалауға болады. Олар тек қана халықаралық терминдерді оқығанда ғана дыбысталып, қазақ жазбасында ешқандай қайшылықтар тудырмайды. Мысалы, егер дауысты (**і**) мен (**ү**) фонемалары латынның **İ i** мен **Ü ü** әрпілерімен сәйкес таңбаланса, онда **internet, institut, universitet, supremum** сияқты терминдерді жазу мен оқу ешқандай қиындық тудырмайтын еді.

Әліпбиге *адамның тегін, жер атын және халықаралық терминдерді* жазғанда қолданатын (**ц**) және (**ч**) дыбыстарын латынның **C c** және **Ç ç** әрпілермен қосу керек. Мысалы: *Цезарь - Cesar, Цейлон - Ceylon, цезий - cesium, цемент - cement, циклотрон - ciclotron, цилиндр - cylinder, цирк - circ, Челюскин - Çeluskin, Чад - Çad, Чехия - Çech, Чикаго - Çicago, Чили - Çile, Чита - Çita, чуваш - çuvaş, чукча - çukça*.

Ұсынылатын әліпбиге 5-ші үлгіде қолданылмай қалған базалық латын әліпбиінің **X x** әрпі кіргізілген. Бұл қазақ тілінің жазуында ешқандай қайшылық тудырмайды және халықаралық термин сөздерді түпнұсқасымен бірдей немесе оған жақын жазуға мүмкіндік береді. Мысалы: *axelerat, axis, box, context, expert, export, maximum, mixer, Oxford, taxi, xerox*.

#### **Қорытынды.**

Қазақ тілінің латын графикасындағы әліпбидің 5-ші үлгісіндегі қателер түзетілген және қазақ тілінде ешқандай орфографиялық қайшылықтар тудырмайтын латын графикасында жаңа әліпби 1-Кестеде көрсетілген.



## 1-Кесте. Қазақ тілінің дыбыстары және олардың таңбалануы

№	Ұсынған латын әліпбиі	Істегі кирилл әліпбиі	Халықаралық фонетикалық әліпби	Unicode		Түсіндірме
				Үлкен	Кіші	
1	<b>A a</b>	А а	[a]	0041	0061	ХФӘ-дегі сияқты
2	<b>Ä ä</b>	Ә ә	[æ]	00C4	00E4	Неміс, түркмен сияқты
3	<b>B b</b>	Б б	[b]	0042	0062	ХФӘ-дегі және сияқты
4	<b>C c</b>	Ц ц	[tc]	0043	0063	Ағылшын, француз және басқалар
5	<b>Ç ç</b>	Ч ч	[tʃ]	00C7	00E7	Әзербайжан, түркмен, түрік сияқты
6	<b>D d</b>	Д д	[d]	0044	0064	ХФӘ-дегі және сияқты
7	<b>E e</b>	Е е	[e]	0045	0065	ХФӘ-дегі және сияқты
8	<b>F f</b>	Ф ф	[f]	0046	0066	ХФӘ-дегі және сияқты
9	<b>G g</b>	Г г	[g]	0047	0067	ХФӘ-дегі және сияқты
10	<b>Ğ ğ</b>	Ғ ғ	[ɣ]	01E6	01E7	Әзербайжан, түркмен, түрік сияқты
11	<b>H h</b>	Х х	[h]	0048	0068	Ағылшын, француз және басқалар
12	<b>I ı</b>	Ы ы	[ɯ]	0049	0131	Түрік тілі сияқты
13	<b>İ i</b>	І і	[ɪ, i]	0130	0069	Кірме (и) төл (і)-дің аллофоны
14	<b>J j</b>	Ж ж	[ʒ]	004A	006A	Әзербайжан, өзбек, түркмен, түрік
15	<b>K k</b>	К к	[k]	004B	006B	ХФӘ-дегі және сияқты
16	<b>L l</b>	Л л	[l]	004C	006C	ХФӘ-дегі және сияқты
17	<b>M m</b>	М м	[m]	004D	006D	ХФӘ-дегі және сияқты
18	<b>N n</b>	Н н	[n]	004E	006E	ХФӘ-дегі және сияқты
19	<b>Ŋ ŋ</b>	Ң ң	[ŋ]	00D1	00F1	Түркмен сияқты
20	<b>O o</b>	О о	[ɔ]	004F	006F	ХФӘ-дегі және сияқты
21	<b>Ö ö</b>	Ө ө	[ø]	00D6	00F6	Әзербайжан, түркмен, түрік сияқты
22	<b>P p</b>	П п	[p]	0050	0070	ХФӘ-дегі және сияқты
23	<b>Q q</b>	Қ қ	[q]	0051	0071	Qazaq
24	<b>R r</b>	Р р	[r]	0052	0072	ХФӘ-дегі және сияқты
25	<b>S s</b>	С с	[s]	0053	0073	ХФӘ-дегі және сияқты
26	<b>Ş ş</b>	Ш ш	[ʃ]	015E	015F	Әзербайжан, түркмен, түрік сияқты
27	<b>T t</b>	Т т	[t]	0054	0074	ХФӘ-дегі және сияқты
28	<b>U u</b>	Ұ ұ	[ʊ, u]	0055	0075	Кірме (у) төл (ұ)-дың аллофоны
29	<b>Ü ü</b>	Ү ү	[y]	00DC	00FC	Әзербайжан, түркмен, түрік сияқты
30	<b>V v</b>	В в	[v]	0056	0076	ХФӘ-дегі және сияқты
31	<b>W w</b>		[w]	0057	0077	Кирилл әліпбиінде таңбаланбаған
32	<b>X x</b>		[ks]	0058	0078	Кирилл әліпбиінде таңбаланбаған
33	<b>Y y</b>	Й й	[y]	0059	0079	Әзербайжан, өзбек, түркмен, түрік
34	<b>Z z</b>	З з	[z]	005A	007A	ХФӘ-дегі және сияқты

Әрпіні экранға шығару үшін оның кодын теріп, Alt+X батырмаларын бірдей басу керек.

**Қазақстан Республикасының Ел ұраны**  
**Qazaqstan Respublikasınıñ El uranı**

<i>Қолданыстағы әліпбиде</i>	<i>Usınǵan әліпбиде</i>
Алтын күн аспаны, Алтын дән даласы, Ерліктің дастаны, Еліме қарашы! Ежелден ер деген, Даңқымыз шықты ғой. Намысын бермеген, Қазағым мықты ғой!	Altın kün aspanı, Altın dän dalası, Erliktiñ dastanı, Elime qaraşı! Ejelden er degen, Dañqımız şıqtı ğoy. Namısın bermegen, Qazağım mıqtı ğoy!
Қайырмасы: Менің елім, менің елім, Гүлің болып егілемін, Жырың болып төгілемін, елім! Туған жерім менің – Қазақстаным!	Qayırması: Meniñ elim, meniñ elim, Güliñ bolıp egilemin, Jırıñ bolıp tögilemin, elim! Tuwǵan jerim meniñ – Qazaqstanım!
Ұрпаққа жол ашқан, Кең байтақ жерім бар. Бірлігі жарасқан, Тәуелсіз елім бар. Қарсы алған <b>уақытты</b> , Мәңгілік досындай. Біздің ел бақытты, Біздің ел осындай!	Urpaqqa jol aşqan, Keñ baytaq jerim bar, Birligi jarasqan, Täwelsiz elim bar, Qarsı alǵan waqıttı, Mäñgilik dosınday, Bizdiñ el baqıttı, Bizdiñ el osınday!

**Ескерту:** Кириллица негізіндегі әліпбиде жазылған Қазақстан Республикасының Ел ұраны мәтінінде кездесетін ‘у’ әрпі ‘Республика’ және ‘Туған’ деген сөзде *дауысты дыбысты*, ал ‘Тәуелсіз’ және ‘уақытта’ деген сөзде *дауыссыз дыбысты* таңбалап тұр. Бұл қазақ тілінің **ешбір ережесіне** сәйкес келмейді. Сондықтан қазақ тілінің латын графикасындағы жоғарыда ұсынылған дұрыс әліпбиін қабылдау өте өзекті мәселе.

*Егер мен ұсынған әліпби туралы сұрақтар туатын болса немесе оның қатесі бар деп танылса, онда мен осыларға қатысты экспертпен тікелей эфирде ZOOM алаңында дебадқа шығуға дайынмын.*

*Оны ұйымдастыру үшін маған хат жазуға немесе телефон соғуға болады: [sharalt@mail.ru](mailto:sharalt@mail.ru), 8 701 777 16 527*